



ҚОРЫТЫНДЫ

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

№ _____

Шымкент қаласы

город Шымкент

«А.Исмаилов атындағы кәсіптік
колледжі» ЖШС

**ОҚО, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы, Н.Юлдашев көшесі, №1В мекенжайында
орналасқан «А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС-і үшін әзірленген
атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті
шығарындылары нормативтерінің жобасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың
қорытындысы**

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы ЖК С.Сулейменовамен әзірленген (Шымкент қаласы, Наурыз мөлтек ауданы, учасок 104).

Жоба материалдарының тапсырысшысы: «А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС (ОҚО, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы, Н.Юлдашев көшесі, №1В).

Мемлекеттік экологиялық сараптама қарауына төмендегі материалдар ұсынылды:

- ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы;

- 2012 жылғы 25 желтоқсанда берілген №001563 мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы;

- ОҚО қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №Х.13.Х.KZ50VBS00096525 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының көшірмесі.

Объект IV санатқа жатады (санитарлық жіктеудің 5-ші сыныбы).

Материалдар қарастырылуға 05.01.2018 ж. түсті, кіріс № 07/01.

Жалпы мәліметтер

А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы, Н.Юлдашев көшесі, №1В мекенжайында орналасқан. Колледждің учаске аумағының солтүстік жағы тойхана ғимаратымен, оңтүстік жағы Жібек Жолы көшесімен, батыс жағы жанар май құю бекетімен, шығыс жағы тұрғын үйлермен шектеседі. Жақын тұрғын үйлер учаске аумағынан 100 метр қашықтықта орналасқан. Аталмыш жер учаскесінде №1, №2 және №3 оқу корпус ғимараттары, спорт залы және қазандық орналасқан.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы 2012 жылғы 25 желтоқсанда берілген №001563 мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының қолдану мерзімі аяқталуына және табиғат пайдалану шарттарының өзгеруіне (табиғи газдың шығыны ұлғайған) байланысты әзірленген. Бұрын ластаушы заттардың шығарындылары жылына 0,3219 тоннаны құраса, осы жоба бойынша – 0,9201 т/жыл.



Колледж ғимараттарын жылдың күз-қыс айларында жылумен қамтамасыз ету үшін қазандық ғимараты қарастырылған. №1 корпус ғимаратында табиғи газда жұмыс істейтін STS-500 маркалы 2 дана қазандықтар орнатылған. Қазандықтар тәулігіне 24 сағаттан, жылына 143 күн жұмыс істейді. Табиғи газдың жылдық шығыны 37,888 мың.м³ (1 дана қазандық үшін 18,944 мың.м³) құрайды. Шығарындылар биіктігі 6,0 метр, диаметрі 0,15 метр құбыр арқылы шығарылады.

№2 корпус ғимаратында табиғи газда жұмыс істейтін STS-700 және STS-500 маркалы 2 дана қазандықтар орнатылған. Қазандықтар тәулігіне 24 сағаттан, жылына 143 күн жұмыс істейді. Табиғи газдың жылдық шығыны STS-700 маркалы қазандық үшін 26,357 мың.м³, STS-500 маркалы қазандықтан 18,944 мың.м³ құрайды. Шығарындылар STS-700 маркалы қазандықтан биіктігі 4,0 метр, диаметрі 0,15 метр, STS-500 маркалы қазандық үшін биіктігі 6,0 метр, диаметрі 0,15 метр құбырлар арқылы шығарылады.

№3 корпус ғимаратында табиғи газда жұмыс істейтін WELLWR маркалы 1 дана қазандық орнатылған. Қазандық тәулігіне 24 сағаттан, жылына 143 күн жұмыс істейді. Табиғи газдың жылдық шығыны 7,413 мың.м³ құрайды. Шығарындылар биіктігі 2,0 метр, диаметрі 0,12 метр құбыр арқылы шығарылады.

Спорт зал ғимаратында табиғи газда жұмыс істейтін STS-300 маркалы 1 дана қазандық орнатылған. Қазандық тәулігіне 24 сағаттан, жылына 143 күн жұмыс істейді. Табиғи газдың жылдық шығыны 13,453 мың.м³ құрайды. Шығарындылар биіктігі 8,0 метр, диаметрі 0,15 метр құбыр арқылы шығарылады.

ОҚО қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №Х.13.Х.КZ50VBS00096525 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысына сәйкес объект 5-ші сынып қауіптілігіне жатады, санитарлық-қорғаныш аймағы 50 м.

Қоршаған ортаға әсерін бағалау

Атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығаратын көздерге жылыту қазандықтары жатады. Ластаушы заттар шығарындыларының көлемі:

Ластағыш заттар атауы	Шығарындылар	
	г/сек	т/жыл
Азот диоксиді	0,01675	0,1654
Азот оксиді	0,0027222	0,026885
Күкірт диоксиді	0,0003561	0,003521
Көміртек оксиді	0,07327	0,7243
Барлығы:	0,0930983	0,920106

«Кәсіпорындардың шығарындыларындағы зиянды заттардың атмосфералық ауадағы шоғырлануын есептеу әдістемесінің» 5.21 тармағына сәйкес ластаушы заттардың атмосферадағы сейілу есебі қажет етілмейді. Осы жобадағы ластаушы заттардың шығарындылары жол беруге болатын шекті шығарындылар (ШЖБШ) нормативтері ретінде ұсынылады.

Тұжырымдар

ОҚО, Сайрам ауданы, Ақсукуент ауылы, Н.Юлдашев көшесі, №1В мекенжайында орналасқан «А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС-і үшін әзірленген атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы КЕЛІСІЛЕДІ.

**Сарапшылық бөлімше
басшысы**

Г.Ермекбаева

ЭРБ-нің бас маманы
Г.Сандыбаева



Бөлімнің басшысы

Ермекбаева Гультара

Бөлімнің басшысы

Ермекбаева Гультара

